

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
А.М. Жамаловқа

*Бюджеттен тыс жүйені шоғырландыру  
жөніндегі 2021 жылғы 10 наурыздағы № ДЗ-93 сұрау салуға*

### **Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!**

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасын іске асыру шеңберінде бюджеттен тыс қорлардың, оның ішінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін қамти отырып, «кеңейтілген бюджетті» енгізу бойынша тәсілдер әзірленді.

Аталған тәсілдер 2021 жылғы 25 наурызда Парламент Мәжілісінің спикері Н.З.Нығматулиннің қатысуымен Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында қаралды.

Ең алдымен, Бюджет кодексінде көзделген бюджеттен тыс қорлардың қаржысын қоса отырып, шоғырландырылған бюджеттің анықтамасын кеңейту жоспарлануда.

Бұдан басқа, республикалық бюджет туралы заң жобасына жеке қосымшада және оның орындалуы туралы жылдық есепте бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстарын көрсету мәселесі пысықталуда.

Бұл тәсілдер таяу уақытта Мемлекет басшысына келісуге жіберілетін болады және оларды Үкімет мақұлдаған жағдайда Бюджет кодексіне өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады, оларды қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің қарауында жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде пысықтау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, елдің 2023 – 2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында шоғырландырылған бюджеттің болжамы бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстарын ескеретін болады, бұл мемлекеттік қаржы жағдайының неғұрлым толық көрінісін береді және бюджеттен тыс қорлардың, оның ішінде олардың әкімшілік шығыстарының ашықтығын арттырады.

Осы мәселелерді пысықтау үшін Ұлттық экономика министрлігі жанынан жаңа жағдайларда салық-бюджет саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

**Депутату  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Жамалову А.М.**

*На запрос № ДЗ-93 от 10 марта 2021 года  
по консолидации внебюджетной системы*

**Уважаемый Аманжан Макаримович!**

В настоящее время в рамках реализации поручения Главы государства, данного в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий», выработаны подходы по внедрению «расширенного бюджета», в котором будут учитываться средства внебюджетных фондов, в том числе Государственного фонда социального страхования и Фонда социального медицинского страхования.

Данные подходы 25 марта 2021 года рассмотрены на заседании Национальной комиссии по модернизации с участием спикера Мажилиса Парламента Нигматулина Н.З.

Прежде всего планируется внести изменения в Бюджетный кодекс в определение консолидированного бюджета с включением в него финансов внебюджетных фондов.

Кроме того, прорабатывается вопрос отражения поступлений и расходов внебюджетных фондов в отдельном приложении к проекту закона о республиканском бюджете и в годовом отчете о его исполнении.

Данные подходы в ближайшее время будут направлены на согласование Главе государства, и в случае их одобрения, Правительством будут приняты меры по внесению изменений в Бюджетный кодекс, которые планируется проработать в рамках законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования бюджетного законодательства», находящегося в настоящее время на рассмотрении в Мажилисе Парламента.

Также планируется, что в составе Прогноза социально-экономического развития страны на 2023 – 2027 годы прогноз консолидированного бюджета будет учитывать поступления и расходы внебюджетных фондов, что даст более полную картину состояния государственных финансов и повысит прозрачность внебюджетных фондов, в том числе их административных расходов.

Для проработки данных вопросов при Министерстве национальной экономики создана рабочая группа по выработке предложений по совершенствованию налогово-бюджетной политики в новых условиях.

**Премьер-Министр**

*Исп.: Шоров А.  
Тел: 74-50-02*